

## Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу және шет елде шоттар ашу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 225 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 11 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2436. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 134 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараныз ).*

---

Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу және шет елде шоттар ашу тәртібін реттейтін валюталық заңдарды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу және шет елде шоттар ашу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 88 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 25 маусымда N 1555 тіркелген, 2001 жылғы 10 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 12 шілдеде "Казахстанская Правда" газеттерінде және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2001 жылғы N 14 "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне,

аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. ҚРҰБ басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Мартюшев Ю.А.), Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасы (Жерембаев Е.Е.) осы қаулыны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басылымдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

6. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының  
Статистика жөніндегі агенттігі  
Төрағасының бірінші орынбасары  
2003 жылғы 10 шілдеде

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының  
Қаржы Министрлігі  
Министрдің м.а.  
2003 жылғы 18 шілдедегі

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасы Индустрия  
және сауда министрлігінің  
Инвестициялар жөніндегі  
комитеті Төраға

2003 жылғы 10 шілдедегі

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
Төраға  
2003 жылғы 17 шілдедегі

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
"Капитал қозғалысымен байланысты  
валюталық операцияларды тіркеу  
және шет елде шоттар ашу  
ережесін бекіту туралы"  
2003 жылғы 4 шілдедегі

Бекітілген

**Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды тіркеу және шет елде шоттар ашу**

**Ережесі**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155, "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы № 54-1 Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және елдің төлем балансы мен сыртқы борышының жай-күйіне шынайы және уақтылы статистикалық есепке алу мен талдауды жүзеге асыру үшін капитал қозғалысымен байланысты операцияларды тіркеу және шет елде шоттар ашу тәртібін белгілейді.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Шарт - шарт, кредиттік немесе инвестициялық келісім, келісім-шарт, құрылтай құжаттары, оларға өзгерістер мен толықтырулар, шоттарды ашуға жасалған шарт, сондай-ақ капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды жүзеге асыруға, сондай-ақ шет елдерде шоттарды ашуға негізге алынатын басқа да құжаттар;

КҰЖЖ коды - Кәсіпорындар мен ұйымдардың Жалпы жіктеушісіне сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистикасының уәкілетті органы заңды тұлғаларға, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне беретін бірегейлендіру коды;

резидент еместің экспорт-импорт мәмілесін кредиттеуі - резидент еместің резиденттен сатып алатын тауарларға (жұмысқа, қызметке) ақы төлеуге 180 күннен астам мерзімге аванстық төлемі немесе резиденттің Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларға (жұмысқа, қызметке) ақы төлеуді 180 күннен астам мерзімге кейінге қалдыруға алған рұқсаты;

инвестициялау объектісі - жарғылық капиталына салым салынатын (салым салынған) немесе бағалы қағаздарын (жарғылық капиталының үлесін) резидент емес (резидент) сатып алатын (сатып алған) заңды тұлға-резидент (резидент емес). Депозитарлық қолхаттармен операциялар жасаған жағдайда инвестициялау объектісі базалық актив болып табылатын бағалы қағаздар эмитенті болып табылады;

тікелей инвестициялау объектісі - дауыс беретін акцияларының он және одан астам проценті (қатысушылардың жалпы дауыс санының он және одан астам проценті) тікелей инвестор-резидент емеске (резидентке) тиесілі заңды тұлға-резидент (резидент емес);



к р е д и т т е р

а л у ;

резидент еместердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуі;  
халықаралық капитал рыноктарында резиденттердің бағалы қағаздарын бастапқы орналастыруды, оның ішінде резиденттердің бағалы қағаздарына депозитарлық қолхаттар шығаруды қоса алғанда резидент еместердің Қазақстан Республикасына тікелей және портфельдік инвестициялар нысанындағы и н в е с т и ц и я л а р ы ;

резиденттердің интеллектуалдық меншік объектілеріне ерекше құқықты толық беру үшін ақы төлеуге резидент еместердің аударымы;  
жылжымайтын заттарға теңестірілген мүлікті қоспағанда, жылжымайтын мүлікке мүліктік құқық үшін ақы төлеуге резидент еместердің аударымы.

2) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) кіретін елдерге және (немесе) Қазақстан Республикасымен инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы халықаралық шарттар жасалған және бекітілген елдерге резиденттердің тікелей инвестициялары, оның нәтижесінде инвестицияны жүзеге асырған резидентке инвестициялау объектісінің дауыс беретін акцияларының елу және одан көп проценті (қатысушылар даусының елу және одан көп проценті) тиесілі болады.

3) егер шетелдік банк "А" ("Standard & Poor's" немесе "Fitch" рейтингтік агенттіктерінің жіктемелері бойынша) немесе "A2" ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттігінің жіктемесі бойынша) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар мемлекетте тіркелген және орналасқан болса және ЭЫДҰ мүше болып табылса, жеке тұлғаның - резиденттің шетелдерде шетелдік банкте шоттар ашуы.

4. Шарттың резидент қатысушысы (бұдан әрі - резидент) Шарт күшіне енген күннен бастап отыз күн ішінде Шартты тіркеу үшін Ұлттық Банкке өтініш береді .

5. Екінші деңгейдегі банктер, уәкілетті мемлекеттік орган, сондай-ақ шет елдерге тікелей инвестицияларды жүзеге асыратын резиденттер тіркеу үшін Ұлттық Банктің орталық аппаратына өтініш береді.

Басқа жағдайларда резиденттер Ұлттық Банктің аумақтық филиалына: заңды тұлғалар - тұрған жері бойынша, ал жеке тұлғалар - өзінің тұрақты мекен-жайы бойынша өтініш береді.

6. Тіркеу өтініш беруші осы ережеде көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Тіркеу жүргізілгеннен кейін мемлекеттік және орыс тілдерінде белгіленген үлгідегі тіркеу куәлігі беріледі (осы Ереженің 1-қосымшасы).

7. Капитал қозғалысына байланысты операциялар үшін мынадай өзгерістер б о л ғ а н д а :

Шарттың сомасы өсірілгенде;

Ш а р т в а л ю т а с ы ;

Ш а р т т ы ң қ а т ы с у ш ы л а р ы ;

Ш а р т т ы ң м ә н і ;

Шарттың қолданылу мерзімі - қысқа мерзімдіден (бір жыл және одан аз) ұзақ мерзімдіге (бір жылдан артық) ауысқан кезде; резиденттің орналасқан жері (тұрақты мекен-жайы) - басқа облысқа көшкен к е з д е ;

резидент еместің орналасқан жері (тұрақты мекен-жайы) - басқа елге көшкен кезде (заңды тұлға тіркелген ел немесе жеке тұлғаның тұрақты мекен-жайы өзгергенде) қайта тіркеу талап етіледі.

Резиденттің 180 күннен астам мерзімге кредит алуын немесе резидент еместің резиденттің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуін көздейтін Шартты қайта тіркеу сонымен қатар резидент емес кредитордың резидент заемшыға қатынасы өзгерген жағдайда да жүзеге асырылады.

Қайта тіркеу кезінде Ұлттық Банкке соңғы ұсынылған кезден бастап құжаттар өзгермеген болса, оларды қайтадан ұсыну талап етілмейді.

Шет елде шот ашқан резидент үшін Шартты қайта тіркеу оның тұрақты мекен-жайы өзгерген жағдайда ғана жүргізіледі (басқа облысқа көшкенде).

8. Тараптар Шартты мерзімінен бұрын бұзған, кредитор борышты толық не ішінара есептен шығарған (кешірген) жағдайда Шартты қайта тіркеу талап етілмейді.

9. Резидент өзінің іс-әрекеті кезеңінде туындайтын және қайта тіркеу талап етілмейтін, тіркелген Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап отыз күннен кешіктірмей тіркелген орны бойынша жазбаша нысанда хабарлайды.

10. Тіркеу куәлігінің мынадай жағдайларда:

Шартты қайта тіркегенде және жаңа тіркеу куәлігін берген кезде; егер валюталық операция заңдарда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп т а н ы л ғ а н д а ;

тараптар міндеттемелерді толық орындаған кезде, кредитор борышты толық есептен шығарған (кешірген) және/немесе тараптар Шартты бұзған кезде, осы фактілер туралы растау құжаттары болғанда және Шартқа қатысушы резиденттің жазбаша хабарламасы болған кезде;

облыстар бойынша (республикалық дәрежедегі қала, астана) кедендік істер мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің және/немесе уәкілетті банктердің тіркелген Шарт бойынша мәміле паспортының (экспорт-импорттық валюталық бақылауға түскен мәмілелер бойынша) жабылғаны туралы хабарламасы болған кезде;

шет елде шоттар жабылған кезде;  
заңды тұлғаның таратылуына немесе борышкер жеке тұлғаның қайтыс болуына байланысты, егер мұрагері болмаса, міндеттемелерді орындаудың мүмкін болмауына орай күші жойылды деп танылады.

11. Тіркеу куәлігі тараптардың міндеттемелері (оның ішінде Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күні орындалмаған міндеттемелер) толық орындалғанға, не Шарттың қолданылуы тоқтатылғанға дейін жарамды.

Тіркеу куәлігінің күші жойылды деп танылған жағдайда Ұлттық Банк бұл туралы осы ереженің 38-тармағында белгіленген тәртіппен облыстар бойынша (республикалық дәрежедегі қала, астана) кедендік істер мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне және валюталық бақылау агенттеріне хабарлайды.

12. Тіркеу куәлігінің түпнұсқасы жоғалған жағдайда резиденттің өтініші бойынша Ұлттық Банк оның дубликатын береді.

Тіркеу куәлігінің дубликатын алу үшін резидент тіркелген орны бойынша тіркеу куәлігін жоғалту себептері мен жағдайларын көрсете отырып өтініш б е р е д і .

Ұлттық Банк құжаттар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тіркеу куәлігінің дубликатын ресімдейді және береді.

Тіркеу куәлігінің дубликатына "Дубликат" деген сөз жазылып, бастапқы тіркеу куәлігінің нөмірімен және берілген күнімен және дубликат берілген күн көрсетіліп беріледі.

13. Шартты тіркеген резидент тіркелген орны бойынша тоқсан сайын осы Ереженің 15, 21, 22, 23, 25, 27, 30 тармақтарына сәйкес қаражат қозғалысы туралы және/немесе тіркелген Шарт бойынша берешектің жай-күйі туралы мәліметтер ұсынады.

**2-тарау. Резиденттердің резидент еместерден кредит алуымен және резидент еместердің резиденттердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуімен байланысты валюталық операцияларды тіркеу**

14. Резиденттердің резидент еместерден кредит алуымен және резидент еместердің резиденттердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуімен байланысты валюталық операцияларды тіркеу үшін резидент Ұлттық Банкке м ы н а д а й қ ұ ж а т т а р д ы :

Шартты тіркеуге өтінішті (осы Ереженің 2-қосымшасы);

Шарт бойынша қаражаттың түсу (алу) және берешекті өтеу кестесін (осы Е р е ж е н і ң 3 - қ о с ы м ш а с ы ) ;

Шарттың тігілген және резиденттің (заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің ) мөрімен расталған немесе нотариат куәландырған (жеке тұлға үшін) көшірмесін

(сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы);  
еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауын (екінші деңгейдегі банктерден басқа);  
өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесін (заңды тұлғалар үшін) ;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мемлекеттік және орыс тіліндегі көшірмесін ;

экспорт-импорт валюталық бақылауға түскен мәміле үшін (ол болған жағдайда өтініш берген күні) мәміле паспортының көшірмесін (қосымша парақсыз) ;

жүк-кеден декларацияларының, клиенттің шоты бойынша үзінділердің, инвойстардың, шот-фактура және/немесе тараптардың өтініш берген күнгі осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындағанын, егер осындай міндеттемелер орындалған жағдайларда, растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері. Экспорт-импорт валюталық бақылауға түскен мәмілелер бойынша уәкілетті банктің және/немесе кеден органының мәміле паспорты бойынша жүргізілген төлемдер мен жеткізілімдер туралы анықтамасын да ұсынуға рұқсат беріледі;

егер Шарттың талаптарымен қаражатты резидент емес үшінші тұлғалардың шоттарына есептеу немесе/және осы Шартқа қызмет көрсету үшін шетелдік банкте шот ашу көзделген болса, Ұлттық Банк лицензиясының көшірмесін;  
салық төлеушінің тіркеу нөмірін (бұдан әрі - СТН) растайтын құжаттың көшірмесін ;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке тұлғалар үшін) ұсынады.

15. Резидент (екінші деңгейдегі банктерден басқа) тоқсан сайын тіркеу орны бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) тіркелген Шарт бойынша мәліметтерді белгіленген нысанмен (осы Ереженің 4-қосымшасы) ұсынады. Ұсынылған есеп беру нысаны бойынша мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында Ұлттық Банк сонымен қатар кедендік жүк декларацияларының, клиенттің шоты бойынша үзінділердің және Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын растайтын басқа да құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

16. Резидент-екінші деңгейдегі банк тоқсан сайын банк тартқан және қызмет көрсететін сыртқы заемдар (кредиттер, депозиттер) бойынша мемлекеттік статистикалық есеп беру шеңберінде тіркелген Шарт бойынша мәліметтер ұсынады.

17. Ағымдағы валюталық операциялар капитал қозғалысымен байланысты операцияларға ауысқан кезде осы Ережеде көзделген тәртіппен тиісті Шартты тіркеу үшін резидент мұндай ауысу күнінен бастап отыз күн ішінде Ұлттық



Банкке

өтініш

береді.

Осыған орай резидент еместердің резиденттердің экспорт-импорт мәмілелерін кредиттеуімен байланысты ағымдағы валюталық операциялары бойынша Шартты тіркеу, егер ағымдағы операциялардан капитал қозғалысына байланысты операцияларға ауысқан күні резиденттің Шарт бойынша берешек сомасының баламасы 100 мың АҚШ долларынан асып кеткен жағдайда жүзеге асырылады. Ағымдағы валюталық операциялардың капитал қозғалысына байланысты операцияларға ауысу мерзімін есептеу 180 күнде резидент берешегінің толық өтелмеген бірінші берешегі пайда болған күннен басталады. Берешек сомасын есептеу резидент еместің Шарт шеңберінде барлық толық өтелмеген жеткізілімдері/төлемдері бойынша жүргізіледі.

### **3-тарау. Резидент еместердің Қазақстан Республикасына тікелей және портфельдік инвестицияларын тіркеу**

18. Тікелей және портфельдік инвестицияларды (19 және 20-тармақтарда көрсетілген операцияларды қоспағанда) тіркеу үшін резидент Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды ұсынады:

Шартты тіркеуге өтініш (осы Ереженің 5, 6, 7-қосымшалары);

Шарттың тігілген және резиденттің (заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің) мөрімен расталған немесе нотариат куәландырған (жеке тұлға үшін) көшірмесі (сондай-ақ мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы);

өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мемлекеттік және орыс тіліндегі көшірмесі;

еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (екінші деңгейдегі банктерден басқа);

кедендік жүк декларацияларының, клиенттің шоты бойынша үзінділердің, инвойстардың, шот-фактуралардың немесе тараптардың өтініш берген күнгі осы Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалғанын, егер осындай міндеттемелер орындалған жағдайларда, растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;

инвестициялар жүзеге асырылатын бағалы қағаздардың эмитенттері үшін - бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган берген бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеу немесе бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірін (ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін) беру туралы куәліктің көшірмесі;

СТН растайтын құжаттың көшірмесі;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін).

19. Резидент еместердің акциялардың мемлекеттік пакеттерін (мемлекеттің үлесін) сатып алуына байланысты уәкілетті мемлекеттік органның

операцияларды тіркеуін жүзеге асыру үшін уәкілетті мемлекеттік орган - Шарт тарабы Ұлттық Банкке өтінішті (осы Ереженің 5, 6, 7-қосымшалары) және Шарттың көшірмесін ұсынады.

20. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын капиталдың халықаралық рыноктарында бастапқы орналастыруды тіркеуді жүзеге асыру үшін эмитент - уәкілетті мемлекеттік орган Ұлттық Банкке өтінішті (осы Ереженің 5, 7-қосымшалары) және Шарттың көшірмесін ұсынады.

21. Инвестициялау объектісі болып табылатын резидент (екінші деңгейдегі банктерден және уәкілетті мемлекеттік органнан басқа) тоқсан сайын, тіркелген орны бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) тіркелген Шарт бойынша қаражаттың қозғалысын көрсететін мәліметтерді белгіленген нысанда (осы Ереженің 8-қосымшасы) ұсынады.

Көрсетілген мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында Ұлттық Банк сонымен қатар кедендік жүк декларацияларының, клиенттің шоты бойынша үзінділердің немесе Шарт бойынша қаражаттың қозғалысын растайтын басқа да құжаттардың, сондай-ақ бухгалтерлік баланстың, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептің, ақша қозғалысы туралы есептің көшірмелерін талап етуге құқылы.

22. Инвестициялау объектісі болып табылмайтын резидент (екінші деңгейдегі банктерден басқа) резидент емес міндеттемесін толық орындағанға дейін тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) тіркелген орны бойынша белгіленген нысанда (осы Ереженің 9-қосымшасы) тіркелген Шарт бойынша қаражаттардың түсуі туралы мәліметтер ұсынады.

23. Уәкілетті мемлекеттік орган тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) акциялардың мемлекеттік пакеттерін (мемлекеттің үлесін) сату Шартының тіркелген орны бойынша осы Шарт бойынша бюджетке түсімдер туралы мәліметтерді белгіленген нысанда (осы Ереженің 10-қосымшасы) ұсынады.

#### **4-тарау. Резиденттердің шетелге тікелей инвестицияларын тіркеу**

24. Резиденттердің шет елге тікелей инвестицияларын тіркеу үшін резидент Ұлттық Банкке мынадай құжаттар ұсынады:

Шартты тіркеуге өтініш (осы Ереженің 5, 6, 7-қосымшалары);

Шарттардың, оның ішінде инвестициялау объектісінің құрылтай құжаттарының және мәміленің осы Ереженің 3-тармағының 2-тармақшасының талаптарына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ олардың тігілген және резиденттің мөрімен куәландырылған (заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер) немесе нотариат куәландырған (жеке тұлға үшін) мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармалары;

өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін) ;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мемлекеттік және орыс тіліндегі көшірмесі ;

еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (екінші деңгейдегі банктерден басқа);

кедендік жүк декларацияларының, клиенттің шоты бойынша үзінділердің, инвойстардың, шот-фактуралардың немесе тараптардың өтініш берген күні осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындағанын, егер осындай міндеттемелер орындалған жағдайларда, растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері;

СТН растайтын құжаттың көшірмесі;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін).

25. Резидент (екінші деңгейдегі банктерден басқа) тоқсан сайын тіркеу орны бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) тіркелген Шарт бойынша қаражаттың нақты қозғалысын көрсететін мәліметтерді белгіленген нысанмен (осы Ереженің 8-қосымшасы) ұсынады.

Сонымен бірге Ұлттық Банк көрсетілген мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында кедендік жүк декларацияларының, клиенттің шоты бойынша үзінділердің немесе Шарт бойынша қаражат қозғалысын растайтын өзге де құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ резидент-инвестордың да, сол сияқты инвестициялау объектісі - резидент еместің де бухгалтерлік балансын, қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелері туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті талап етуге құқылы.

#### **5-тарау. Резидент жеке тұлғалардың шет елде шоттар ашуын тіркеу**

26. Резидент жеке тұлғалардың шет елде шоттар ашуын тіркеген кезде резидент жеке тұлға Ұлттық Банкке мынадай құжаттар ұсынады:  
тіркеуге өтініш (осы Ереженің 11-қосымшасы);

Шарттың нотариат куәландырған көшірмесі (сондай-ақ оның мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасы);

еркін нысанда жасалған резидент жеке тұлғаға қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (егер республикадан/республикаға қаражат аудару болжанған жағдайда) ;

СТН растайтын құжаттың көшірмесі;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

27. Резидент жеке тұлға жыл сайын филиалға есепті жылдан кейінгі екінші айдың 25-не дейін (қоса алғанда) шоттың жыл аяғындағы жай-күйі туралы шетелдік банктің үзіндісін ұсынады.

#### **6-тарау. Капитал қозғалысымен байланысты өзге де операцияларды тіркеу**

28. Резиденттердің резидент еместерге зияткерлік меншік объектілеріне ерекше құқық берумен, резидент еместердің резиденттерге жалға алу Шарты негізінде кәсіпорынды тұтасымен мүліктік кешен ретінде уақытша иелену және пайдалану құқығын төлеумен, Сатып алу-сату шарты негізінде жылжымайтын заттарға теңестірілген мүліктен басқа, жылжымайтын мүлік құқығына ақы төлеумен байланысты валюталық операцияларды тіркеу үшін резидент Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш (осы Ереженің 12-қосымшасы);

Шарттың тігілген және резиденттің (заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер) мөрімен куәландырылған немесе нотариат куәландырған (жеке тұлға үшін) көшірмесі (сондай-ақ оның мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармалары);  
өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мемлекеттік және орыс тіліндегі көшірмесі;

еркін нысанда жасалған тиісті Шартқа қызмет көрсету туралы уәкілетті банктің растауы (екінші деңгейдегі банктерден басқа);

СТН растайтын құжаттың көшірмесі;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін).

29. Тараптардың бірі Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы болып табылатын резидент еместердің кәсіпорынды жалдау немесе жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату Шартын тіркеу үшін уәкілетті мемлекеттік орган - Шарттың тарабы Ұлттық Банкке өтінішті (осы Ереженің 12-қосымшасы) және Шарттың көшірмесін береді.

30. Резидент тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) тіркелген Шарт бойынша қаражаттың қозғалысын көрсететін мәліметтерді тіркеу орны бойынша белгіленген нысанмен (осы Ереженің 9-қосымшасы) ұсынады.

Ұсынылған есеп беру нысаны бойынша мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында Ұлттық Банк сонымен қатар клиенттің шоты бойынша үзінділердің немесе Шарт бойынша қаражаттың қозғалысын растайтын өзге де құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

31. Мүліктік жалдау Шарты негізінде резидент еместердің жылжымайтын мүлікті уақытша иелену мен пайдалану құқығына ақы төлеуі (мүліктік кешен ретіндегі тұтастай кәсіпорыннан басқа) резидент міндеттемелерді (жалдау затын беру) орындағанға дейін 180 күннен астам жалдау ақысын төлеуді жүзеге асырған жағдайда осы Ереженің 2-тарауына сәйкес тіркелуге жатады.

**7-тарау. Жеке жағдайлар**

## 32. Осы Ережеге сәйкес:

1) мемлекеттік сыртқы заемдар, мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заемдар туралы келісімдер, сондай-ақ осы келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын операциялар;

2) резидент еместердің Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы;

3) резидент еместердің қазақстандық депозитарлық қолхаттарды сатып алуы;

4) брокер инвестициялау объектісі болып табылғаннан басқа жағдайларда резидент еместердің резиденттердің бағалы қағаздарын резиденттік брокерлік компаниялар арқылы сатып алуды жүзеге асыруы;

5) резиденттердің резидент еместерден резиденттердің бағалы қағаздарын, сондай-ақ резидент-заңды тұлға қатысушыларының салымдарын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алуы;

6) резидент еместердің қайта инвестициялары;

7) жұмыс істеу, оқу, емделу немесе демалу мақсатында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде уақытша жүрген резидент жеке тұлғалардың шетелдік банктерде шоттар ашуы тіркелуге жатпайды.

Осы тармақтың 4) тармақшасының ережесі резиденттердің бағалы қағаздарын халықаралық капитал рыноктарында бастапқы орналастыруға қолданылмайды.

Осы тармақтың 5) тармақшасының ережесі резиденттің сатып алатын активтеріне ақы төлеу бойынша 180 күннен астам мерзімге және баламасы 100 мың АҚШ долларынан асатын сомаға осы Ереженің 2-тарауына сәйкес тіркелуге жататын берешегі пайда болған жағдайда қолданылмайды.

Орталық депозитарий ай сайын Ұлттық Банкке 2) тармақшада аталған операциялар бойынша ақпарат ұсынады.

Резидент брокерлік компания 4) тармақшада аталған операциялар бойынша тоқсан сайын Ұлттық Банкке бағалы қағаздармен халықаралық операциялар бойынша мемлекеттік статистикалық есеп шеңберінде ақпарат ұсынады.

33. Қатысушылар (тараптар және үшінші тұлғалар) бірнеше резидент және/немесе резидент еместер болып табылатын Шартты тіркеу кезінде Шартты тіркеуге берілген тиісті өтініште және тіркеу куәлігінде барлық қатысушылар (кредитор - заемшы - төлем жасаушы, кредитор - заемшы - кепіл, инвестор - сатушы - инвестициялау объектісі, депозитарлық қолхаттарды шығару бастамашысы - депозитарлық қолхаттар эмитенті - базалық актив эмитенті, сатып алушы - сатушы - алушы, сондай-ақ Шарттың басқа да қатысушылары) көрсетіледі.

34. Қатысушылары бірнеше резидент болып табылатын Шарт бойынша тіркеу куәлігі Ұлттық Банкке тіркеу туралы өтінішті бірінші берген Шарттың

резидент қатысушысына беріледі. Резидент еместің пайдасына төлем жасаған кезде және/немесе Шартқа басқа да қатысушы-резиденттер осындай Шарт бойынша резидент еместен қаражат алған кезде уәкілетті банкке төлем негізділігін және/немесе қаражаттың алынуын растайтын құжаттардың көшірмелері (оның ішінде Шарттың, Ұлттық Банктің тіркеу куәлігінің көшірмелері) ұсынылады.

Шартты тіркеген Шарттың резидент қатысушысынан тіркеу куәлігінің көшірмесін алу мүмкін болмаған жағдайда Шарттың өзге де резидент қатысушысы Шартты тіркеу орны бойынша тіркеу куәлігінің көшірмесін беру туралы еркін нысанда жазбаша өтініш бере алады.

Тіркеу куәлігінің түпнұсқасын алған резиденттің жазбаша келісімімен басқа қатысушы-резидент тиісті нысанда тоқсан сайынғы мәліметтерді ұсына алады, бұл туралы ол жазбаша нысанда Шартты тіркеу орны бойынша хабарлайды. Сонымен қатар тіркеу куәлігін берген Ұлттық Банктің жазбаша келісімімен Шарттың резидент қатысушылары резидент еместермен өзара міндеттемелердің орындалуына қатысты тоқсан сайынғы мәліметтерді дербес ұсынуына жол беріледі.

Ұлттық Банк Шарттың барлық резидент қатысушысыларынан міндеттемелердің толық орындалғаны туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін тіркеу куәлігінің күші жойылды деп есептеледі.

35. Шартты тіркеуге өтініш берген кезде мәміле паспорты болмаған жағдайда экспорт-импорттық валюталық бақылауға түскен операциялар бойынша резидент мәміле паспортының көшірмесін алғаннан кейін ұсынады.

Осы Ереженің 7-тармағында белгіленген негіздемелер бойынша Шартты қайта тіркеу кезінде резидент мәміле паспортына қосымша парақтарды облыстар бойынша (республикалық дәрежедегі қала, астана) кедендік істер мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ресімдегеннен кейін олардың көшірмелерін Ұлттық Банкке ұсынады.

36. Өзге валютамен көрсетілген Шарттар бойынша шарт сомасының АҚШ долларындағы баламасын анықтау үшін аударым Шарт күшіне енген күні Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп мақсатында қолданылатын бағам бойынша жүзеге асырылады.

Осы Ереженің 17-тармағында көзделген жағдайларда резиденттің АҚШ долларымен берешек сомасының баламасын анықтау үшін аударым операция жасалған күні Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп мақсатында қолданылатын бағам бойынша жүзеге асырылады.

37. Резидент осы Ережеге сәйкес тіркелуге жататын Шарттарды тіркеу үшін бірнеше рет өтініш берген кезде, егер Ұлттық Банкке соңғы рет ұсынған кезден бастап өзгермеген болса, мынадай құжаттарды:

өтініш берушінің статистикалық карточкасының көшірмесін (заңды тұлғалар ү ш і н ) ;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мемлекеттік және орыс тіліндегі көшірмесін ;

СТН растайтын құжаттың көшірмесін қайталап ұсыну талап етілмейді.

### **8-тарау. Қорытынды ережелер**

38. Уәкілетті банктер Ұлттық Банкке тіркелген Шарттар бойынша қаражаттың қозғалысы туралы ақпаратты ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5 күніне дейін (қоса алғанда) ұсынады (осы Ереженің 13-қосымшасы).

39. Тіркелген Шарттар бойынша шынайы және толық статистикалық есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк апта сайын уәкілетті банктерге және Қазақстан Республикасының орталық кеден органына (тауарлардың жылжуын көздейтін мәмілелер бөлігінде) олардың келісімі бойынша тіркеу нөмірін, күнін, мәмілеге резидент қатысушының атауын, Шарттың сомасын, өтініш берген күні Шарт бойынша түсімдер сомасын, өтініш берген күнгі негізгі борыш сомасының қалдығын көрсете отырып күші жойылған және жаңадан берілген тіркеу куәліктері туралы ақпаратты ұсынады.

40. Ұлттық Банк тіркеуді тіркелген шарттар бойынша қатысушының міндеттемелеріне қатысты Ұлттық Банк тарапынан қандай да бір міндеттемелерсіз жүзеге асырады.

Ұлттық Банктің тіркеу куәлігінің бар болуы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын бұзуға жауапкершіліктен босату үшін негіздеме болып табылмайды.

41. Осы Ережеге сәйкес тіркелуге тиісті Шарттар бойынша операцияларды жүзеге асыру тіркеу куәлігі болған кезде жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасына қаражат түсуін көздейтін және тіркелуге тиісті Шарттар бойынша ол күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні өткенге дейін операция жүргізу көзделсе, Ұлттық Банктің хаты не Шартты тіркеуге құжатты қабылдау туралы белгі жасалған өтініш болған кезде осы операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беріледі. Уәкілетті Банк жасалған төлемдер туралы мұндай операциялар жүргізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке тіркеу орны бойынша хабарлайды.

42. Осы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басталады.

43. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Капитал қозғалысымен  
байланысты валюталық  
операцияларды тіркеу

және шет елде шоттар

ашу ережесіне

1-қосымша

**ТІРКЕУ** **КУӘЛІГІ** **N** \_\_\_\_\_

(N \_\_\_\_\_ қайта тіркеу)

Осы арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен:

1) \_\_\_\_\_

(резиденттің атауы, уәкілетті тұлға, қызмет көрсетуші банк)

2) \_\_\_\_\_

(резидент еместің атауы, елі, уәкілетті тұлға)

арасында жасалған \_\_\_\_\_

(Шарттың атауы, номері, күні)

